



СӨЖ

***Тақырыбы: “Саяси партиялар мен топ
қызығушылықтары”***

Орындаған: Жұмақан Өмірзақ
Амонбойева Жадыра

Қарағанды 2016жыл



Жоспар

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

- a) Саяси партия, қызметтері, жіктелуі, партиялық жүйе
- b) Қызығушылық топтар, түсінігі, функциялары, типологиясы.

III.Қорытынды

IV.Пайдаланған әдебиет



Саяси партиялардың пайда болуының екі себебі

- Саясатқа қатысу саласын елеулі түрде кеңіткен жалпыға бірдей сайлау құқығының таралуы.
1. Тап тартысы, жұмысшы табының ұйымдық дамуы, ол өз партиясын құра бастады. Оған қарсы саяси партияларда пайда болды.



Саяси партия

Саяси партия дегеніміз – индивидтің еркін дамуын іске асыру үшін ұмтылатын саясатпен үздіксіз байланысы.





Саяси партияның функциялары:

- Мүдделерді білдіру.
- 1. Ірі әлеуметтік топтарды активизациялау және интеграциялау.
- 2. Саяси идеялогия мен саяси ілім қалыптастыру.
- 3. Қоғамның саяси жүйесін қалыптастыруға қатысу.
- 4. Мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысу.
- 5. Қоғамдық пікірді қалыптастыру.
- 6. Тұлғаны саяси әлеуметтендіру.
- 7. Мемлекет, кәсіподақтар, қоғамдық ұйымдар үшін кадрлар даярлау және өсіру.



Саяси партияларды жіктеу мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- Қызмет ету ортасы критерийі бойынша – моноорта; аралық; бұқаралық, жалпы.
- Саяси жүйедегі рөлі бойынша.
- Функциялары бойынша.
- Ілімінің сипаты мен идеологиялық бағыты бойынша. Ол революциялық; реформалық; консервативті; реакциялық болып бөлінеді.
- Ұйымдық құрылымының критерийі бойынша. Ол орталықтандырылған; орталықсыздандырылған; бұқаралық болып бөлінеді.



Және де Саяси партиялардың жіктелуі - М.Дюверже сайлаушылар мен белсенділер санына байланысты:

- а) маманданған;
- ә) бұқаралық деп жіктейді.
- Маманданған деп қатарында сайлаушылардың 10%-дан кемі ғана болатын, мүше саны аз партияны айтады. Бірақ ол ұйымдастырылуымен және тәртібімен көзге түседі. Бұқаралық партияда оны үнемі жақтап дауыс беретін сайлаушылары, мүшелері, белсенділері көп болады. Бірақ олардың ресми мүшелері болмайды.



- Саяси жүйедегі рөлі мен іштей ұйымдасуына байланысты саяси партияларды 4 түрге бөледі:
 - 1) авангардтық партиялар. Олардың ұйымы жоғары орталықтанумен сипатталады, өзінің барлық мүшелерінің партияның жұмысына белсенді қатынасуын талап етеді;
 - 2) сайлаушылар партиясы. Олардың негізгі мақсаты үміткерлердің сайлау науқанын ұйымдастыру: қаржы жинау, үгіт жүргізу және т.б.;
 - 3) парламенттік партия. Ол негізгі екі қызметті атқарады: сайлауға дайындалу және парламентке бақылау жасау;
 - 4) қауымдастық партия. Ол адамдарды белгілі бір саяси жолды ұстанғандығына қарай емес, ортақ көзқарас, ұқсас мүдделеріне орай, маңызды мәселелерді ортақ талқылау үшін біріктіреді.
- Партияларды таптық негізде жіктеу: жұмысшылар, шаруалар, буржуазиялық. Саяси жүйедегі рөліне байланысты: парламенттік, сайлаулық, жетекші және мақсаттық деп жіктелуі.



Партиялық жүйе

Партиялық жүйе дегеніміз - өз алдарына қойған мақсаттарын жүзеге асыруға ұмтылатын партиялардың күресу механизміне ынтымақтастығы.





Партиялық жүйелердің бөлінуі:

Бір партиялы – мемлекеттік аппаратпен тұтасып кетеді және партияға тән емес билік функцияларын орындай бастайды.

Қос партиялық жүйе – билікте бір немесе екі партияның өзгермелі болуымен ерекшеленеді.

Көп партиялық жүйе – іштей сан салалы. Оны кейде көп қырлы плюриализм деп атайды.



Біздің еліміздегі көп партиялылықты төрт кезеңге бөледі:

- 1987-1989 ж.ж - пікірталас клубтарының, тарихи - ағарту қоғамдарының, азаматтық бастамалар қозғалыстарының және т.б пайда болуы.
- 1. 1990-1994 ж.ж – 1990 жылғы 9 қазанда «Қоғамдық бірлестіктер туралы» одақтық Заңның, ал 1991 жылы қазақстандық осындай заңның қабылдануына байланысты протопартиялық құрылымдардың тармақталуының басталуы.
- 2. 1994 жылдан басталды, саяси партиялар алғаш рет елдің барлық деңгейдегі өкілдік органдарына сайлауларға қатысуға мүмкіндік алды.
- 3. Партиялық тізім бойынша дауыс берудің енгізілуімен басталды.



Қызығушылық топтары

- Әлеуметтік, экономикалық, функциялық топтар мен мемлекеттің өзара әсер проблемасы саяси теорияларда ерекше орын алған, әсіресе саяси субъектілерді жекелеме талдау кезінде, қазіргі демократиялардың функционалының зерттеуде, азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара байланысу. Дәл осы азаматтық қоғам құрылымдарының қиындауы мен оның мемлекетпен байланысы XIX және XX ғасырларда шекарада (шетел) өзекті мәселе болған. Сол кезде ғылыми ой – пікір белсенді түрде халықтың (елдің) басқада қатпарлары мен жұмысшы топтардың қызығушылықтарын арттыруға тырысатын, әртүрлі бағыттағы қоғамдық – саяси қозғалыстардың идеологиялық күресімен қарама – қайшы келген. XX ғасырың басында мемлекет пен топтардың өзара әсерлеудің үш теориялық үлгісі құрылды. Синдикализм, корпоративизм және плюрализм.




- Қызықғушылық топтары: Кез келген қоғам өзіне пайда келтеру үшін бір-бірімен күрделі қарам-қатынаста болып, бір бірімен бәсекелесудің әртүрлі формаларын қолданады. (экономикалық, саяси кәсіби, этникалық және тағы басқалар), мұның барлығы азды көпті болсын қызығушылық топтардың көрінісі ретінде бағаланады. Бүгінгі күні саяси жүйенің маңызды функция келмейтіндей етіп бүгін жақсы (демократиялар үшін - бұл орталық мәселе) саяси жүйелерінің жұмыс жасауының маңызды мәселелерінің бірі белгілі топтық және мемлекет аралық мүдделердің келісуі. Оның жасаудың негізгі топнұсқасы корпоратизм (корпорация сөзінен шыққан) болып табалады.





- Қоғамда саяси ғылым қызығушылық топтарға өткен жүзжылдықта мән бере бастаған.Американдық саяси ғылымда қызығушылық туралы (қысым тобы)концепцияны американдық ғалым А.Бентли «басқару процессі» атты кітабында негізін салған. Ол «қоғамдық қысым» атты кітабында (1908 жылы) саяси процеске қоғамдық қызығушылық топтардың күресі негізінде қарады: “мемлекеттік басқару бір-біріне қысым көрсететін және қоғамдық келісім үшін жаңа топтармен оның өкілдерін ашатын қоғамдық топтардың әрекеттері.” Заңды мекемелердегі дауыс беру процесі күресуші топтардың арасындағы дауыс беру кезіндегі текетірестікті ғана көрсетеді.
- Европада қызығушылық топтар туралы түсінік тек екінші дүние жүзілік соғыстан кейін ғана пайда бола бастады.
“Неокопоративизм” немесе “ либералдық корпоративизм”осы ұғымдыға сай тек 70-ші жылдары пайда бола бастады.Г.Лембрух либералды корпоративизм ұғымын“экономика саласындағы ұйымдастырушы топ арасындағы мемлекеттік саясатты құрушы қатысушылар тобы деп атаған .



- Осы концепция негізінде қызығушылық топ деп саяси басқаруға таласпайтын, бірақ оған әсер ететін әртүрлі типтер (кәсіпкерлік, профсоюздық, діндік, этникалық, мәдени және т.б.) арасындағы институционалды құрылымды айтады. Дж.М.Берри «қызығушылық топтар – ортақ мақсаттары бар индивидумдер ассоциациясы және оны саяси шешім қабылдауға әсер ету арқылы іске асыратын топтар». Кең ұғымды швед политологы Н.Андрен ұсынған : «материалдық қызығушылықты көрсететін ұйымдар тобы». Бірдей позиция және қызығушылық негізінде қоғамға немесе оның институттарына немесе басқа да ұйымдастыру топтарына талап қоятын топтар. Негізгі критерийі – бір негіздегі қызығушылық басқа топтар арасында беделді роль ойнайды.
- Қызығушылық топ арасындағы типологияны анықтау көптігіне және әр түрлігіне байланысты қиынға соғады. (әдебиеттердегі көп түрлі типологиясына байланысты). Бірақ барлық зерттеушілер бір негізде қызығушылық топ деп -азаматтық қоғамның өзіндік ұйымдастырылу нәтижесі деп түсінеді.

- 
- Американдық ғалымдар Г. Алмонд және Дж. Пауэлл қызығушылық топтың төрт тобын бөліп көрсетеді:
 - Спонтанды, яғни тез арада ұйымдастырылған және күш көрсетуге негізделген топтар (манифестация, көтеріліс);
 - Ассоциативтік емес , яғни формальды түрде емес, тұрақсыз, күш көрсетпейтін , туыстық қатынас және дін уағыздау т.б негізінде пайда болған топ(діни ұйым, студенттік топтар)
 - Институтті , яғни формальды ұйымдар, қызығушылық көрсетумен қоса , басқа да жұмыс атқаратын топтар (партия, жиналыс, администрация)
 - -ассоциативті, яғни ерікті , ұйымның қызығушылығын көрсететін топтар (профсоюз, іскер адамдар тобы, этникалық және азаматтардың діни ассоциациясы)

- 
- Француз саясаткері М.Дюверже қызығушылық топтарды ұйымдастырылу құрылымы бойынша бөлуді ұсынған: а) жалпы (кәсіподақ, жастар ұйымы, ардагерлер ұйымы т.б) және б) кадрлық (кәсіпкерлік одақтар). Ал үшінші топқа Дюверже ғылыми-зерттеу орталықтары мен фондтарды, жарнама агенттіктерді жатқызды.
 - Қызығушылық топтарды белгілі қоғамдық ұйымға байланысты бөлу кең тараған— экономикалық, әлеуметтік немесе саяси. Қызығушылық топты бес әртүрлі сфераға бөліп қарауды Алеман да ұсынған:
 - 1) еңбек ұжымы мен экономикалық сферадағы қызығушылық: кәсіпкерлік ұйымдар, кәсіподақ, тұтынушы одақтары
 - 2) әлеуметтік сферадағы ұйымдастырылған қызығушылық: әлеуметтік құқықты қорғайтын ұйымдар (соқырлар ұйымы, зейнеткерлер одағы тб), әлеуметтік жетістіктер ұйымы (қамқорлық ұйымы, өзіндік көмек ұйымдары (анонимді ішкіштер ұйымы) және тб;
 - 3) демалу сферасындағы ұйымдастырылған қызығушылық топтар : спорттық ұйымдар ;
 - 4) мәдениет, ғылым және дін сферасындағы қызығушылық топтар : шіркеу, діни секталар, ғылыми одақтар, жалпы білім беретін ұйымдар, өнер іскерлерінің ұйымдары .



• Әлеуметтік –ғылыми сферадағы құрылған қызығушылық топтар :
этикалық ,құқық қорғаушылық («Врачи без границ»),қоғамдық
қозғалыстар (экологиялық, феминисттік).

- Соған байланысты қоғамдық қозғалыстарды өзіндік ұйымдасқан қызығушылық топ түрлері деп қарауға болады. Олардың мақсаты қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге қарайласу немесе қарсы шығу.
- Американдық социологтар Р.Тернер мен Л.Киллиан қозғалыстың екі параметрін бөліп қарады: ұйымдасушылығы және бағыт-бағдарлығы .
- Қызығушылық топтардың әсері олардың ресурстарымен анықталады: қатысатын адам саны, экономикалық әсерімен, қоғамда ойнайтын роліне байланысты болады.
- Қызығушылық топтар өз мақсатына жету үшін әртүрлі тәсілдер қолданады: үкіметке консультациялық және эксперттік қызмет көрсету, өз талабын негіздеу үшін коммуникация көздерін пайдалану. Оған қауіп көрсету және бопсалау жасауы да ықтимал, ал егер ол нәтиже бермесе «келісім алу» үшін ақшаны да пайдалануы мүмкін. Мықты қызығушылық топтар үкімет қызметіне кедергі келтіруі де мүмкін ,мысалы: кейбір мемлекеттік қызметтерді тежеу немесе елде финанстық дағдарыс тудыру арқылы.



- Өнеркәсібі дамыған Батыс елдерінде қызығушылық топтар әрекеті нормативті акттермен, конституциялармен реттеліп отырады .
- Қызығушылық топтың даму теориясы спецификалық және бейспецификалық құрылымнан тұратын әртүрлі ұйымдардың политикалық процессімен тығыз байланысты.
- Лоббизм деген ұйымы кеңінен алғанда парламент депутаттарының қызығушылық топтары жатады. Бюджеттік құралдарды таратудағы парламенттік фракциялар салықтық және беттік саясаттарын анықтау.
- Мемлекеттік билік ұйымдарынан басқа ысым мекемесіне саяси партияда жатады, сонымен қатар қоғам пікірі. Топ қысымына әсер тигізетін негізгі құрал ақпараттық және кеңестік билік ұйымдары болып табылады, көптеген ақпараттың құралы бар компания ұйымдары.
- Ғылыми әдебиеттерде әр түрлі критериймен, топтық мүдделерге әр түрлі типология келтірілуде. Ресейдегі қалыптасқан құрамы үшін мүдделік топтардың қоғамдық саладағы қызметтері топтастыру жағынан ерекшеленеді.



- Қызығушы топтардың типологиясы:
- А) Ұйымдасу дәрежесі мен өткізілу көз қарасымен:
 - Анималды – қандай да бір аяқ асты әсерден туындайтын апат, бірлестігі. Тұрақты ұйым болмайды.
 - Институционалды – қандай да бір құрылымдардан ұйымдасқан, құрылым бірлестігі кәсіби кадрлар аппараты мен функциялардан тұрады.
 - Арнайы қызметтер (әрекет) бойынша:
 - Ассоциативтік емес - әлеуметтік - мәдени негізінде , діни, туысқандық адамдардан құрылған еріксіз, нақты емес бірлестік.(студенттік қоғам т.б.).қызметі, әрекет – тұрақсыз.
 - Ассоциативті – белгілі бір шешуге мақсатталған еректі бірлестік.



- Ә) Қызметтер сипатына қарай:
 - Бір мақсаттылығы – парламентте қандай да бір заңды актіні қабылдауды, қамтамасыз етуге тырысушы, берілген мақсаттарға әрекет етеді. Мақсатқа жеткен соң тарайды да.
 - Көп мақсаттылық – көпсалалы қызмет(іс-әрекет) мамандық міндеттермен немесе басқа түрлермен жіктелмейді.
 - Қоғамдық басқару саласы бойынша, аймақтық нышандар, қызметтік деңгей мен масштабтармен.



- Қазіргі уақытта лоббизм демократиялық саясат процесінің міндетті бөлігі болды десе де болады, бірақ ол әр мемлекеттерде әр түрлі болады, және экономикалық, социалды, саяси өмірге байланысты болып келеді.
- Ал Францияда болса, лоббистерге мемлекеттік атқарушы органдарға, және заң адамдарына әсер етпес үшін мемлекетте қызығушылық топтар мен мемлекет арасындағы байланысты реттеп, жүргізіп отыратын арнайы мемлекеттік құрылымдар құрылған. Мұндай құрылымға экономикалық және социалды кеңес жатады. Олардың әрқайсысында өз атқаратын міндеттері бар. Кеңес құрамына пофсоюз, жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік ұйымдар, ауылшаруашылық өндірісі, «либералды мамандықтар» сонымен қатар кооперативтік ұйымдар ішінен мүшелікке адамдар алынады
- Либералды концепцияны ұстанушыларды жақтаушылар болса, қызығушылық топтар демократия жағдайында мемлекеттік басқару ісінде маңызды қызмет атқаратынын алға тартуда.
- Қазіргі уақытта топтық түрдегі қызығушылықты көбінесе өз мойынына қоғамдық ассоциациялар алуда. Бірақ анықтама бойынша, қызығушылық топтар биліктің легитимділігі және биліктің өз атынан жүргізіліні талап ете алмайды.



Қорытынды

- Сонымен, қорыта келгенде: қызығушылық топтар дегеніміз- мемлекетпен, басқа да саяси институттармен қарым- қатынаста өздерінің маңызды қызығушылықтарын айту және оны жақтау үшін арнайы құрылған ерікті бірлестік. Қызығушылық топтардың қызметіне қатыса отырып, азаматтар әлеуметтік белсенділіктен саяси белсенділікке қадам жасайды. Олар билікке ықпал жасайтын, тұрғындардың сұраныстары мен қажеттіліктерін саяси шешімдерді қабылдаушы тұлғаларға, органдарға жеткізетін көптеген ресурстарға иелік етеді. Ондай ресурстарға олардың экономикалық және қаржы мүмкіншіліктері, саясатқа қатысатын топ мүшелері, ұйымдық құрылымдар, т.б. жатады. Қандай кезең болмасын қызығушылық топтар өмір сүруін тоқтатпайды. Және де Саяси партиялардың көтеріліп өсуі бізге байланысты



Пайдаланған Әдебиеттер

- Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б.
- Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
- https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B0%D1%8F%D1%81%D0%B8_%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B8%D1%8F
- <http://stud.kz/referat/show/22175>
- http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000344_

Назарларыңыз үшін
рахмет!